

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

**WEB-ЖУРНАЛИСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ АВТОРЛЫҚ  
ҚҰҚЫҚТЫ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ****Болатова Әсем**[dulatovna.asem@mail.ru](mailto:dulatovna.asem@mail.ru)Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану  
факультетінің 1-курс магистранты, Астана, Қазақстан**Ғылыми жетекші – А.М.Шурентаев**

Бұқаралық ақпарат құралдарының төртінші түрі ретінде Интернет желісінің қарқынды дамуы жағдайында web-журналистика кеңінен таралуда. Салыстырмалы түрде қысқа мерзімде ол баспасөз, радиожурналистика және тележурналистикамен қатар қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, ғылыми, мәдени және бос уақыт өмірінің барлық салаларына әсер ететін күшті факторға айналды.

Шын мәнінде, желілік журналистика радио, теледидар, бейнеден кейін пайда болған электрондық бұқаралық коммуникация бағыттарының бірін дамытудың кезекті тарихи нысаны ретінде қарастыруға болады. Бұл мәлімдеме интернет қолданушыларының санымен ғана емес, сонымен қатар виртуалды кеңістікте оның дәстүрлі БАҚ-қа ұқсас әртүрлі функцияларын жүзеге асыру фактісімен расталады.

Ақпараттандыру дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарына жаңа мүмкіндіктер ашуда: баспа, радио және телевизия Интернетті контентті жеткізуді жеделдету үшін пайдаланады. Алайда аудиторияның кем дегенде бір бөлігі Дүниежүзілік желі арқылы ақпарат алуды пайдаланып, газет оқуды тоқтатуда, көптеген теледидар әуесқойлары видеохостингтерге бет бұрып, әлеуметтанушылар көрермендердің кері ағынын атап өтуде. Осы жағдайда отандық ғылым, сондай-ақ құқық қолдану практикасы Интернеттегі медиа кеңістіктің қарқынды дамуына ілесе алмауда.

Сонымен қоса, бүгінде конвергентті журналистика туралы көп айтылады. Қазіргі журналист бейне түсіріп, сюжетті орнатып, мәтін жазып, фотосуреттерді өңдей білуі керек деп болжануда. Мұндай жағдайға тап болған кезде журналистер авторлық құқық нормаларын жиі елемейтіні таңқаларлық емес. Мысалы, олар интернетте орналастырылған фотосуреттерді авторлық құқық иесінің келісімінсіз пайдаланады, қайта басып шығару шарттарын сақтамай, әріптестерінің материалдарын еркін алады, шығармаларды бұрмалайды, ал кейбір жағдайларда өздеріне авторлықты береді. Мұндай үрдіс төмен құқықтық мәдениеттің, қажетті білімнің болмауының салдары болуы мүмкін. Алайда, кейде БАҚ қызметкерлері авторлық құқықты саналы түрде бұзуға жол береді. Интернетте орналастырылған ақпарат ешкімге тиесілі емес және оны еркін пайдалануға болады деген қате пікірді есту сирек емес. Ғаламдық желінің техникалық ерекшеліктері ақпаратты заңсыз пайдалануды жеңілдетеді, туындыларды уақыт пен ақшалай шығындарсыз көшіруге мүмкіндік береді. Зияткерлік меншікке деген көзқарастың нәтижесі - авторлық құқықты бұзудың көптеген жағдайлары және соның салдары ретінде сот процестері.

Желілік басылымдарды дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдарынан ажырататын сипаттамалар бар. Гипермәтін, мультимедиялық, интерактивтілік секілді ерекшеліктер интернет-БАҚ-қа бірқатар артықшылықтар беретін сияқты: ақпаратты терең оқу, аудиториямен өзара әрекеттесудің жаңа деңгейі, әртүрлі символдық жүйелерді пайдалану. Интернет-БАҚ-тың басқа да айрықша белгілерін, оның ішінде олардың құқықтық мәртебесін ажыратуға болады. Барлық интернет-ресурстарды БАҚ-қа теңестіре алмаймыз (негізгі критерий - "бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерінің" болуы/болмауы). Бұған қатысты біршама айқындықты «БАҚ туралы» Заңдағы атаулық анықтама береді: «8-1) желілік басылым – ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, уәкілетті органда есепке қою рәсімінен өткен интернет-ресурс;». 10-баптың 1-тармағына сай Интернет-ресурсты желілік басылым ретінде есепке қою ерікті

түрде жүзеге асырылады, яғни жаһандық желіде қалыптасқан дәстүр бекітілген. Теориялық тұрғыдан бұл ереже блогтарды және басқа желілік ресурстарды БАҚ ретінде тіркеуге мүмкіндік береді, дегенмен бұқаралық ақпарат құралдарын тіркеу кезінде ескеру қажет кейбір белгілерді ажыратқан жөн болары анық [1].

Аталған Заңның 17-бабының 1-тармағында саладағы авторлық құқыққа қатысты: «1. Редакция, интернет-ресурстың меншік иесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес авторлық, сабақтас және зияткерлік меншікке өзге де құқықтарды қоса алғанда, зияткерлік меншік құқығының пайдаланылатын объектілеріне, сондай-ақ дербес деректерді өңдеуге және қорғауға құқықтарды сақтауға міндетті», - делінеді. Осы баптан туындайтын анықтамаларға сай екі норманы құқықтық база ретінде қарастыруға болады: «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» және «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңдар. Онымен бірге, негізгі түсініктер Азаматтық кодексте, кейбір түсініктемелер «Авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі заңнаманың кейбір нормаларын соттардың қолдануы туралы ҚР Жоғарғы Сотының 25.12.2007 ж. N 11 Нормативтік қаулысында берілген. Сонымен қоса, Әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі Берн конвенциясын (ҚР 1998 жылғы 10 қарашадағы № 297-1 Заңымен), Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының шығармалардың кейбір түрлеріне жекелеген құқықтарды қорғауға қатысты авторлық құқық жөніндегі шартын (ҚР 2004 жылғы 16 сәуірдегі № 547-II Заңымен), Дүниежүзілік авторлық құқық туралы конвенциясын (Қазақстан Республикасында бұрынғы КСРО-ның халықаралық міндеттемелері мен шарттарын құқықтық иелену тәртібімен қолданылады, КСРО үшін 1973 жылғы 27 мамырда күшіне енді) мемлекетіміз ратификациялады, яғни аталған халықаралық шарттардың қатысушысы болып табылады [2].

Мұнда «автор» ретінде шығармашылық еңбегімен ғылым, әдебиет, өнер туындысын жасаған жеке тұлға танылса, «авторлық құқық» деп автордың жеке мүліктік емес (туындының авторы болып танылу құқығы, автордың беделін қорғау құқығы, бүркеншік есімін көрсету және соны талап ету немесе есімін көрсетуден бас тарту құқығы, яғни жасырындық есімі аталу құқығы, халыққа жария ету құқығы және мүліктік құқықтары (қайта жаңғырту құқығы, сату, жалға беру, тарату құқығы, көпшілікке көрсету құқығы, көпшілік алдында атқару құқығы, көпшілікке хабарлау құқығы, радио және теледидар арқылы тарату, эфирге хабарлау құқығы, аудару құқығы, өңдеу құқығы, яғни авторға туындыны кез келген нысанда және кез келген әдіспен пайдалануға айрықша құқықтар беріледі) [3].

Байқағанымыздай, журналистер үшін арнайы авторлық құқықты және интернеттегі зияткерлік меншікті реттеуге арналған Заң жоқ, алайда интернеттегі бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы авторлық-құқықтық қатынастардың өзіндік ерекшеліктері бар екенін жоққа шығаруға болмайды.

Бұл мәселенің төңірегінде заметканың (жаңалықтар жазбалары) құқықтық мәртебесі қызықтырады. Журналистік ортада кез-келген қысқаша ақпараттық материалды фактілер мен оқиғалар туралы хабарламамен теңестіру әрекеті көрінеді. ҚР Азаматтық кодексінің 974-бабына сәйкес, ақпараттық сипаттағы оқиғалар мен фактілер туралы хабарлар авторлық құқық объектілері болып табылмайды. Кейбір сарапшылар көзқарасы бойынша, мұндай материалдардағы шығармашылық компонент минималды немесе мүлдем жоқ деп саналады. Бізге бұл тұжырым дұрыс емес болып көрінеді. Ақпараттық жазбалардың жанрлық ерекшеліктерін талдай отырып, біз олардың барлығында, сирек жағдайларды қоспағанда, шығармашылық белгілері бар екеніне көз жеткізуге болады. Экспрессивті құралдардың минималды жиынтығы бар қысқаша хабарлама да авторлық құқықтың объектісі бола алады. Мұндай материалдарды жазу кезінде журналист композицияны қарастырады, фактілерді таңдайды және топтайды. Бұл ақпараттық хабарламада - заметкада шығармашылық белгілерін табу үшін жеткілікті сияқты.

Авторлық құқық тұрғысынан келесі даулы жанр - сұхбат. Бұл туындыға құқықтар кімге тиесілі екендігімен келісу қиын: сұхбат алушы, сұхбат беруші немесе тең авторлық (соавторство). Бұл сұраққа жауап беру кезінде әр қатысушының шығармашылық үлесін

бағалау қажет. Дәстүрлі түрде сұхбаттар ақпараттық және талдамалы (аналитикалық) болып бөлінеді. Соңғы жағдайда журналистің шығармаға қосқан шығармашылық үлесі айқын. Алайда, ақпараттық сұхбат сұрақтарды, олардың реттілігін қарастыруды талап етеді. Өз кезегінде, аудитория үшін, ең алдымен, сұхбат берушінің тұлғасы, өмірі, оның ұстанымы қызығушылық тудырады. Сұхбат беруші туындымен жұмыс жасамайды, бірақ оның жауаптары материалдың негізін, мазмұнын құрайды. Сондықтан сұхбатты тең авторлықтың нәтижесі деп санау әділ болып көрінеді.

Үшіншіден, мультимедиялық технологияларды журналистер белсенді игеруде. Нәтижесінде вербалды мәтін, графика, бейне, аудио, анимация, фотосуреттер бар материалдар жасалады. Мұндай туындылардың қауіпсіздігі туралы сұраққа жауап беру кезінде авторлық құқықтың жалпы принциптеріне сүйену және дәстүрлі жанрлармен ұқсастықтарға сүйену қажет сияқты. Мультимедиялық шығармаларда тең авторлық белгілерді табуға болады, алайда, біздің ойымызша, оларды жинақтармен ұқсас композициялық шығармалар деп санаған дұрыс. Сонымен қатар, құрастырушының шығармашылық жұмысы материалдарды ұйымдастыру мен орналастырудан тұрады, сондықтан да қорғалуы керек.

Интернет-БАҚ сайтының қауіпсіздігі туралы мәселе пікірталас тудырады. Сарапшылар сайтты мүліктік кешен, құрама жұмыс, мәліметтер базасы ретінде қарастырады. Пайымдауымызша, интернет-БАҚ сайты дербес туынды - авторлық құқықтың құрамдас объектісі болып табылады. Бұл тезисті сот практикасы растайды. (Іс №3599-22-00-2а/873, Іс №5510-22-00-2/3508) [4].

Сөз етіп отырған авторлық құқықты қорғау механизмдерін де атап өткен жөн. Императивті-санкциялық тәсілдің негізі ретінде ҚР Қылмыстық кодексінің 198-бабын қарастыруға болады: «1. Авторлық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерін заңсыз пайдалану, сол сияқты авторлық құқық және (немесе) сабақтас құқықтар объектілерінің контрафактілік даналарын өткізу мақсатында иемдену, сақтау, алып өту немесе дайындау не авторлықты иемденіп алу немесе тең авторлыққа мәжбүрлеу – сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады. 2. Дәл сол іс-әрекеттер, егер олар айтарлықтай мөлшерде жасалса немесе айтарлықтай залал не автордың немесе өзге құқық иеленушінің құқықтарына немесе заңды мүдделеріне елеулі зиян келтірсе не бірнеше рет жасалса, – бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады» [5].

Бұдан бөлек интернет кеңістігінде құқықбұзушылықтан алдын-ала қорғанудың түрлі превентивтік шаралары ұсынылады: туындыларды n'RIS онлайн-сервиспен депозиттеу; автоматты режимде қайталанатын жарияланымдарды іздейтін және оларды модераторлардың арнайы тобына қарауға жіберетін алгоритмдер қою; мәтінді көшіруге, суреттерді сақтауға немесе беттерден бейне жазуға тыйым салатын арнайы плагиндер орнату; сұтаңбалар қою; компьютерді вирустарға үнемі тексеріп отыру, сайтты Dr. Web немесе Kaspersky VirusDesk онлайн-сканерлермен сканерлеу; «Антипираттық» секілді жүйемен ұрланған мазмұнды автоматтандырылған іздеу; тауар белгісін тіркеу, ISNI (International Standard Name Identifier) халықаралық тізілімінде аты мен бүркеншік атын тіркеу және т.б. Сонымен бірге, Instagram, Вконтакте, YouTube, TikTok және басқа желілерде әр посттың астында "шағымдану" батырмасы бар [6]. Ол арқылы автордың құқығын бұзатын жарияланымды белгілеуге болады. Шағымға түпнұсқа жазбаға сілтеме, объектінің авторлық құқығын растайтын дәлелдер қосу керек. Әдетте қолдау қызметі бұзушылық фактісін тез тексереді, содан кейін бұзушының жазбасын немесе аккаунтын бұғаттайды. Бұдан бөлек қорғанудың кешенді шараларын ұсынатын құралдар жетерлік.

Мақаланы қорыта келе, заманның қарқынды ағынымен келген өзгерістерді, проблемаларды қарастыру, шаралар қолдану, алдын-алу заманға сай тәсілдер мен ағынға сай қарқынмен зерттеуді талап етері сөзсіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451 Заңы;
2. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-І Заңы;
3. 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім);
4. Шелудякова Н.А. Интернет-СМИ в аспекте авторского права, 2010.-174 с;
5. 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі.

ӘОЖ 070.1

### **БАЛАЛАР БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Дүйсекова Жұпар Темиржанқызы**

[kozkhakmet.zhupar@gmail.com](mailto:kozkhakmet.zhupar@gmail.com)

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің магистранты,  
Қостанай, Қазақстан

**Ғылыми жетекші – А.М.Шурентаев**

Осы күні қазақ қоғамы көбік сөзге көп үйір болып кеткен жоқ па? Әлеуметтік желіде балалардың тәрбиесі, оларды ана тілмен сусындатудың жолдары, ұлт болашағы туралы тақырыпта сөз қозғала бермейді. Кейбіреулер бұл мәселені тек қазақ тілі мұғалімінің, тіл білімі саласы білгірінің немесе Тіл басқармасының атқаратын жұмысы сияқты түсінетіні бар.

Әрине, балалар мектепте оқулық арқылы негізгі ұғымдарды оқып үйренеді, бірақ мектептен үйренген білімді іс жүзінде бекітіп, тілін, ойын дамыта түсу үшін өз жасына сәйкес әдеби-танымдық кітаптармен бірге балаларға арналған газет-журналдарды оқудың пайдасы зор. Баспасөзді оқи отыра олар өз ойын жазбаша жеткізудің не екенін түсінеді, өздері де соған талпынады. Сөйтіп көптеген оқушы мақала, өлең жазып өз түсінігін, көз-қарасын өзгелерге танытуға ұмтылып жатады. Шынына келгенде, бала жасынан жазумен әуестенгендердің көбінен ақын-жазушы, журналист шықпауы мүмкін, бірақ бала кезінде сондай қадам жасағандар ойын еркін, ұғынықты жеткізуге үйренеді, жүйелі ойлау қабілетіне ие болады.

Міне, осы нәрсеге кеңестік кезеңде қатты мән берілетін, соның арқасында қазақ балалары арасында «Пионер» (тәуелсіздіктен кейін «Ұлан») газеті, «Балдырған» журналы аса танымал болды. «Пионер» тарихы туған халқымыздың ұлы перзенттері Бейімбет Майлин, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Сәбит Мұқанов есімдерімен тығыз байланысты. Олар ел қамын, болашағын ойлайтын өздеріне тән үлкендікпен «Пионерге» қуана тілектес болды, журналдың қалыптасуына тікелей ықпал етіп отырды. 1925 жылы «Пионердің» №2-3 сандарында «Нық» деген бүркеншік атпен Бейімбет Майлиннің «Жолаушы Мырқымбай» атты қысқа әңгімесі жарияланыпты. Ал 1946 жылы «Пионер» қайта шыға бастағанда Мұхтар, Қаныш, Сәбит ағалар ізгі тілектерін білдірді. «Пионер» журналының 1925 жылғы №2-3 сандарында шыққан Б.Майлиннің «Жолаушы Мырқымбай» әңгімесі төмендегідей: